

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯДАҒЫ СОТЫ

10 қазан 2022 жыл

№: AIFC-C/CFI/2022/0020 ic

«ФРИДОМ ФИНАНС» АҚ

Талап қоюшы

және

ЕГОР РОМАНЮК

Жауапкер

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

Сот Судьясы:

Судья Сэр Руперт Джексон

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

1. 2020 жылғы 1 ақпанда талап қоюшы мен жауапкер жұмыстан шығару және наразылықтардан босату туралы келісім (келісім) жасасты, ол бойынша жауапкер 2020 жылғы 1 ақпаннан кейін талап қоюшыда жұмыс істеуін тоқтатты.
2. Шарттың 3-тармағына сәйкес талап қоюшы жауапкерге жұмыстан шығу жәрдемақысы ретінде 100 000 АҚШ долларын төлеуге келісті. Бұл сома тиісінше түрде 2020 жылғы 20 наурызда төленді.
3. Жауапкер шартта бірқатар міндеттемелерді, соның ішінде құпия ақпаратты жария етпеуді және талап қоюшыға нұқсан келтірмеуді көздеді.
4. Шарттың 9-тармағында:

"Жұмыскер осы Шарттың ережелерінің кез келгенін елеулі түрде бұзған жағдайда, басқа қолжетімді құқықтық қорғау құралдарына қосымша, әрбір елеулі бұзушылық үшін \$5,000,000 мөлшерінде тұрақсыздық айыбы ("Тұрақсыздық айыбы") салынуын талап етуге Жұмыс берушінің құқығы бар екенін Жұмыскер осы арқылы мойындайды және келіседі. Елеулі бұзушылық нәтижесінде жұмыскерге келтірілген залалды бұзушылық сәтінде бағалау мүмкін еместігін немесе өте қиын екендігін және осы құжатта көрсетілген тұрақсыздық айыбының сомасы елеулі бұзушылық нәтижесінде туындауы мүмкін болжалды немесе іс жүзіндегі залалдың ақылға қонымды бағалауы болып табылатынын Тараптар мойындайды және келіседі" деп көзделген.

5. Талап қоюшы жауапкер шарт талаптарын бірнеше мәрте бұзғанын мәлімдейді.
6. АХҚО сотына 2022 жылғы 11 тамызда берілген талап арызбен талап қоюшы жауапкерден тұрақсыздық айыбын талап етті.
7. 2022 жылғы 6 қыркүйекте талап қоюшының адвокаты талап арызды (Азаматтық процестік кодекстің 130.2 тармағына сәйкес) жауапкердің шарттың 18-тармағында табыстау үшін көрсетілген мекенжайы бойынша табыстады. Жауапкер бұл мекенжайда болған жоқ, бірақ дәлелдердің негізінде мен оның осы іс қарау туралы бірнеше мәрте хабарландырылғанына көз жеткіздім.
8. Жауапкер он төрт күннің ішінде немесе жалпы тапсырылғанын растаған жоқ. Талап қоюшы енді АХҚО Соты Қағидаларының 9-бөліміне сәйкес 5 миллион АҚШ долларына сырттай шешім шығарылуын талап етіп отыр.
9. Талап қоюшының сырттай шешімге құқығы бар, бірақ мен келісімнің 9-тармағында көрсетілген 5 миллион доллардың барлығын өндіріп алуға талап қоюшының құқығы бар-жоқтығына қатысты күмәнданамын. Егер бұл іс ағылшын құқығы бойынша қаралса, бұл ереже орындала алмайтын тұрақсыздық айыбы болып табылатын-табылмайтынын шешу қажет болар еді. Алайда осы шарт қазақстандық заңнамаға бағынады.
10. Егер тұрақсыздық айыбы кредитордың шеккен залалдарымен салыстырғанда тым көп болса, бұл жағдайда Қазақстанның Азаматтық кодексінің 297-бабы «... борышкер мен кредитордың назар аударуға лайықты мүдделерін ескере отырып», тұрақсыздық айыбын соттың азайтуына рұқсат

береді. Сотқа ұсынылған құжаттардың негізінде бұл құқықты осы жағдайда пайдалану мақсатқа сәйкестігін-сәйкессіздігін айту мүмкін емес.

11. Бұл мән-жайларда мен келтірілген залалды бағалау туралы шешім шығаруға бұйырамын.
12. Залалдың сомасын анықтау үшін тыңдау өтуі тиіс. Бұл 5 миллион доллар немесе қандай да бір аз сома болып шығуы мүмкін. Бастапқы қадам ретінде бейнебайланыс арқылы тыңдау өткізілуі тиіс. Біз тыңдауларда қарауымыз керек проблемалардың бірі залалды бағалау бойынша тыңдауларға сот алдына тек бір тараптың ғана келіп қатысуы ықтимал екендігімен байланысты. Мәселе айтарлықтай күрделі және екі тараптан да аргументтелуін қажет етеді. Мен талап қоюшының адвокатынан және Тіркеушіден залалды бағалау бойынша тыңдауларға соттың amicus curiae-ны көмек үшін тартуына болатын-болмайтынына қатысты көмек сұраймын.

Сот қабылдады,

Сэр Руперт Джексон
Судья, АХҚО Соты

Өкілдік ету:

Талап қоюшының атынан Бақыт Түкулов мырза өкілдік етті, “Tukulov & Kassilgov Litigation” ЖШС, Алматы, Қазақстан Республикасы.

Жауапкер атынан өкілдік етілген жоқ.